

**Ө.А. ЖОЛДАСБЕКОВ атындағы ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ  
ҚҰҚЫҚ АКАДЕМИЯСЫ  
АКАДЕМИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА имени У.А. ДЖОЛДАСБЕКОВА**



**«ЖОЛДАСБЕКОВ ОҚУЛАРЫ»  
АТТЫ СТУДЕНТТЕР, МАГИСТРАНТТАР МЕН  
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ  
II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
20-сәуір 2016 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ  
II МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ И  
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
СТУДЕНТОВ, МАГИСТРАНТОВ И  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
«ДЖОЛДАСБЕКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»  
20-апреля 2016 г.**

**Талдықорған, 2016**

# **Р.МӘРСЕКОВТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ КӨКЖИЕКТЕРІ**

**Әли Еркежан Жәкіманқызы.**

**Ө.А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы  
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Байгунаков Д.С.  
Талдықорған, Қазақстан**

Алаш қайраткері, заңгер Райымжан Мәрсекөв өз еңбектерінде мемлекеттік-құқық мәселелерге басты назар аударып отырды. Бұған бірінші кезекте оның жазған еңбектері дәлел бола алады. Оның ізденістері заңгердің аталмыш мәселеге жан-жақты келгенін, оның өзіндік теориялық білім деңгейінің жоғары екендігін нақты айғақтайды.

Расында да ол Қазақстанның заңтану, құқықтану ғылымын кәсіби деңгейде зерделеген, соның ішінде алғашқылардың бірі болып мемлекет және құқық теориясының мәселелерін ғылыми талдаудан өткізген бірегей қайраткерлердің бірі болып табылады [1]. Райымжан Мәрсекөв оған әсіресе «Қазақ» газетінің сандарында кеңірек тоқталып кетті. Қайраткердің ғылыми мақалалары газеттің бірнеше санында басылған болатын. Зерттеушілер тарапынан оның «Патшалық» атты мақаласы қызығушылық тудырады. Мұнда автор кешегі В.И.Ленин айтқандай «Мемлекет – күштеу аппараты» ғана еместігін нақтылап берді, зерттеуші мемлекеттің тарихы тереңде жатқандығын, оның өзіндік қасиеттері бар екендігін дәлелдеуге талпынды. Ол аталған мақаласында мемлекеттің шығу жолдарына тоқталды, оның формаларын талдады және мемлекет туралы таным-түсінікке айқындама бере білді [2]. Қайраткердің мемлекеттің дамуын эволюциялық жол деп көрсетуі құқықтық тұрғыдан көп жайды аңғартады. Мемлекет туралы айтқан кезде Р.Мәрсекөв әрбір халықтың ұйысқан кезде консолидациялану арқылы мемлекеттік дәрежеге көтеріле алатындығын, өз алдына дербес «отау» құра мүмкіндігі бар екендігін паш етуге ұмтылды. Қайраткер патшалық құру, өз алдына тәуелсіз ел болу қазақ қоғамы алдында да тұрғандығын бұқара халыққа жеткізуге, оның көкірегіндегі сауатын ашуға ұмтылған болатын. Мемлекет және

қоғам қайраткері Райымжан Мәрсеков мемлекетті зерделеуде оған құқықтық тұрғыдан, саяси-құқықтық тұрғыдан баға бере алды.

Өткен ғасырларда қазақ қоғамының саяси-құқықтық ой-пікірінде әйел бостандығы ерекше орын алғандығы мәлім. «Жер дауымен» қатар тұрған «жесір дауы» көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлерін толғандырған еді [3]. Еуроцентристік көзқарастағы батысшыл орыстар қазақ әйелінің қоғамдағы рөлін іштен емес сырттан сомдағандықтан бірқатар келеңсіз пайымдаулардың орын алғандығы жасырын емес. Қазақ әйелінің өз теңіне қосылуын сол кездері қазақ зиялыларының барлығы құптады. Олардың бұл көзқарастары қазақ әйелінің өркениетті елдердегідей жағдайда өмір сүрсе, ешкімнен кенде қалмаса екен деген ниеттен туылғандығы белгілі. Жалпы алғанда, бүкіл әлемге өз нұрын шашқан Ислам діні, өзімен бірге қайталанбас ұлы жетістіктер ала келді. Соның бірі – әйел құқығы мен құндылығы. Мұның дәлелі мал құрлы бағасы болмаған, бүгін бар да ертең жоқ ешқандай сенімділігі жоқ әйелдерге: дауыс беру; куәгер болу; мұрагер болу; өзінің жеке меншігі болу; өз жеке меншігінің табыстарын өзі пайдалану, т.б. құқығы берілді. Орта ғасырларда Еуропадағы шіркеулер «әйелдің рухы бар ма, жоқ па?» деген сұраққа жауап іздеп таласып жүргенде, Пайғамбарымыз (с.а.у.) сонау VII ғасырдың өзінде-ақ «Жәннат – аналардың аяғының астында» деп, әйел затының қаншалықты құрметке лайық екендігін көрсетіп кеткен. Сонымен қатар, Ислам дінін ең алғаш қабылдаған адам Пайғамбарымыздың (с.а.у.) әйелі, мүминдердің анасы Хадиша (р.а.) еді. Хазреті Айша анамызға нақақтан зинақор жаласы жабылғанда Қасиетті Құранда бұл туралы аят түсіп, асыл анамыздың пәк әрі таза екендігін дәлелдеуі – аналарымыздың тек адамдар арасында ғана емес, Аллаһ тағала алдында да қаншалықты абыройлы екендігінің бір көрінісі. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір сөзінде: «Діннің жартысын Айшадан (р.а.) үйреніңдер» десе, тағы бір сөзінде: «Білім алу ерге де, әйелге де парыз» деген. Демек, Ислам діні білім-ғылым саласында да әйелдердің абыройын асқақтатқан [4]. Пайғамбарымыз (с.а.у.) алғашқы басшы, алғашқы халифа болып сайланған кезде әйелдердің де сайлауға қатысып, өз ойларын білдіргендігі, бұрыннан орындалуы былай тұрсын ойға алынуы арман болып жүрген мирастан өз үлестерін алуға қол жеткізуі және оны өз меншіктеріне қолданулары әйелдің қоғамдағы әлеуметтік экономикалық және саяси құндылығының айқын бір дәлелі. Сондықтан да Райымжан Мәрсеков қазақ әйелінің жай-күйін бірінші кезекте Исламмен, сонымен қатар көшпелі өмір салтымен байланыстырды. Р.Мәрсековтің еңбегін оқып отырған кезде ер мен әйелді теңестіру атымен қоғамда ер мен әйелдің арасына іріткі салушы Батыстың лас мәдениетінің түбінде мұсылман ханымдарды өз төл мәдениетінен айыру сынды арам пиғылдың бар екендігін ұмытпайтындығын анық [5].

Мемлекеттік-құқықтық санаға зор мән берген Райымжан Мәрсеков дәстүрлі қазақ қоғамының бірнеше тақырыптарын баспасөз беттерінде үнсімі көтеріп отырды. Р.Мәрсеков қазақ халқы өркениетті елдер қатарына қосылуы тиіс екендеген айтумен болды [6]. Ол экономикасы дамыған, саяси тұғыры биік елдерге қарап бой түзеу қажет екендігін шегселеп айтып отырды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы дүбірлі далада ұлттық сананың оянып, зиялы қауымның қоғам өміріне қызу араласа бастаған кезі ретінде тарихи-құқықтық әдебиеттерде жиі айтылады. Жалпы алғанда, Қазақстанды Ресейдің отарлауы 1731 жылы Кіші Жүз ханы Әбдіқайырдың Ресейге қосылуынан басталды. Бұл процесс 130 жылдан аса уақытқа созылып, XIX ғасырдың 60 жылдарының ортасына қарай толық жүзеге асырылды. 1731-1860 жылдары Қазақстан Ресейге, көбіне сөз жүзінде ғана бағынып, іс жүзінде ру, тайпа билеушілері дербес саясат жүргізді. Мысалы, 1822 жылы Орта жүзде, 1824 жылы Кіші жүзде хандық басқару жойылды, қарсы шыққандар күшпен талқандалды. XIX ғасырдың ортасына қарай Батыс, Солтүстік-шығыс, Орталық Қазақстан Ресейге толығымен бағындырылды. Ал Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс Қазақстан Қоқан, Хиуа хандықтарына қарады. Осы кезде Орталық Азияны отарлау жөнінде Ресей мен Ұлыбритания елдері арасында бәске күшейе бастады. Үндістан арқылы Ауғанстан мен Иранға орныққан ағылшындар Қоқан, Бұхар, Хиуа хандықтарын Ресейге айдап салып, оларға өз ықпалын жүргізуге тырысты. Қоқан, Хиуа хандықтарының езгісіне

қарсы көтеріліске шыққан қазақтарға көмек беруді желеу етіп Ресей өкіметі оңтүстік бағытта ел ішіне ене түсті. 1854 жылы Верный (Алматы) бекінісі салынды. 1862-64 жылдары орыс әскерлері Әулиеата, Шымкент, Түркістан қалаларын басып алды. Оңтүстік Қазақстанды бағындырғаннан кейін Қазақстанды Ресейдің отарлауы толық іске асты. 1867-68 жылғы Ресей үкіметінің “Уақытша Ережесі” бойынша әкімшілік және сот жүйелері толығымен Ресей өкіметінің қолына көшіп, қазақ жері облыстарға бөлінді. Аталған уақыттан бергі отарлық саясат Қазақстанға зор зардаптарын алып келді [7]. Отарлауға қарсы халық бірнеше рет көтерілді. Оның зардаптарын ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр бас кезінде қазақ зиялылары үнемі көрсетумен, атап кетумен және біршама қарсылық танытумен болған еді. Ол қазақ халқының толығымен шешімін таппаған мәселері жер, тіл, дін екендігін нақты көрсетіп отырды. Өз ісін күнделікті тіршілігінде нақты көрсете білді. Заңгер ретінде қарапайым халыққа көмектесіп, солардың мұң-мұқтажын жоқтаумен болған еді. Райымжан Мәрсеков патша үкіметінің қанаушылық билігін студенттік кезден бастап сынаған болатын.

Студент кезінде ішкі Ресейдің тұрмысын көрген, оны қазақ қоғамымен салыстырған Райымжан Мәрсековті қазақ мемлекеті қалай болуы керек деген ой мазалағаны анық. Жалпы алғанда, көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі, көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара тиімді байланыстардың жергілікті этностық негізде жүргендігі белгілі. Көшпелілердің тарихына арналған еңбектер ХVІІІ ғасырдан бастап пайда болды. Оның көпшілігінде көшпелілердің саяси-әлеуметтік мәселелері қарастырылып, көшпелілер ешқашан таптық, қоғамға жетпеген, оларда мемлекет болмаған делінді. Патша шенеуніктері: «Қазақтар – жартылай жабайы, көшпелі халық», – десе, буржуазиялық тарихшылар: «Қазақтар – жартылай алғашқы қауымдық сатыда тұрған халық, оларда рулыққұрылыс үстемдік етеді», – деген қорытынды жасады [8]. Патшалық Ресейдің қоғамдық-экономикалық құрылысы «тұрпайы», «көшпенді бұратаналардан» әлдеқайда жоғары болғандықтан, оларды Ресейдің жаулап алуы ілгерілеушілік қадам болды деген пікірлермен Райымжан Мәрсеков келісе қойған жоқ. Ол көшпелілер қоғам құра алмайды деген сыңайдағы кертартпа пайымдауларға қарсы шықты. Қазақты бұғауда отарлау саясаты ұстап тұрғандығын айыптады. Мұны қайраткердің «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында жарияланған мақалалары нақты дәлелдейді.

Райымжан Мәрсеков кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген мемлекеттік саясатпен де келісі қойған жоқ. Кеңестік ұлттық-мемлекеттік құрылыс үлгісін қолдану Ресей империясының ұлттық аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Коммунистік партияның ұлттық бағдарламасына сәйкес бұрынғы отар халықтардың мемлекеттілігін құру мәселесі тұрды. Коммунистік партияның ұлттық саясатының негізгі принциптерін Қазан революциясының жеңісінен бұрын-ақ В.И. Ленин теориялық жағынан тұжырымдап берген болатын. Бұл саясаттың басты қағидасы ұлттың бөлініп шығуға және жеке мемлекет құруға дейін өз даму жолын өзі анықтау құқығын талап ету болып табылды. Жаңа өкіметтің ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы негізгі принциптері Кеңес үкіметінің аса маңызды екі құжатында – «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы» (1917 жылғы 2 қараша) және «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» (1917 жылғы 20 қараша) деп аталған Кеңес үкіметінің үндеуінде жарияланды. Кеңестердің Бүкілресейлік ІІІ съезінде (1918 жылғы қаңтар) қабылданған, В.И. Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында» Коммунистік партияның кеңес республикалары мемлекеттік құрылымының нысаны ретіндегі Кеңестік Федерацияға қатысты ұстанымы көрініс тапқан [9; 9]. «Кеңестік Ресей республикасы, – деп атап көрсетілді құжатта, – кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы ретінде ерікті ұлттардың одағы негізінде құрылады». Мұндай ұстаным Райымжан Мәрсековті қанағаттандыра қойған жоқ. Ол тәуелсіз қазақ елін, дербес қазақ мемлекеттілігін аңсады.

Дегенмен ҚазАКСР-інің құрылуы өлкенің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде елеулі оқиға болып табылды. Осының нәтижесінде, таптық принциптер негізіндегі Кеңестер формасында болса да, байырғы қазақ жерінің едәуір аумағында Қазақстан мемлекеттілігі құрылды. ҚАЗАКСР-інің құрылуы мен Ресей

империясының бодандығы тұсында ыдырап кеткен Қазақстанның аумақтық тұтастығы қалпына келтіріле бастады. Қазақстанның аумақтық тұтастығын қалпына келтіру қазақ халқының болашақ тарихи тағдыры үшін аса маңызды рөл атқарды. Сондықтан да бұл аса қиын да күрделі проблеманы шешу үстінде Алашорданың бұрынғы қайраткерлері мен Кеңес өкіметінің белсенді жақтаушылары да (А. Байтұрсынов, Ә. Ермаков, Б. Каралдин және басқалар – бір жақ, С. Мендешев, С. Сейфуллин, Ә. Жангелдин тағы басқалар – екінші жақ) өздерінің идеялық және саяси келіспеушіліктерін ұлт мүддесі үшін ысырып қойып, бар жан-тәндерімен жұмыс істеді. Ал Райымжан Мәрсеков шарасыз іске толыққанды араласа қоймады. Кейін «Алаш» партиясы Кеңес үкіметін құлатуға әрекет жасады деп қудаланған кездерде Райымжан Мәрсеков қуғын-сүргін құрбаны болады.

Қорыта айтқанда, Ресей үкіметінің жүгенсіз саясатын сынға алып, қазақ елінің қамын ойлаған, халқына қолынан келгенше қызмет еткен асыл азаматтарымыздың тарихта алатын орны ерекше. Солардың бірі – Райымжан Мәрсеков. Дегенмен оның саяси, құқықтық ойлары нақты жүйеленбей келе жатыр. Сондықтан оның артынан қадырған мұрасын, яғни заң саласындағы еңбектері ұшан теңіз болғандықтан осы қырынан көп талдауды керек етеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері: саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Атамұра, 1998. -360 б.
2. Мәрсеков Р. Патшалық // Қазақ. -1914. -16 наурыз (№54).
3. Өзбекұлы С. Райымжан Мәрсековтың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарасы // Тураби. -2003. -№4. - Б.113-121
4. Amber Naque. Psychology from Islamic Perspective: Contributions of Early Muslim Scholars and Challenges to Contemporary Muslim Psychologists // Journal of Religion & Health, 2004. -№43 (4), -P.357-377.
5. Мәрсеков Р. Әйел // Дала уәлаятының газеті. -1899. -№1.
6. Даутова М. Райымжан Марсеков – его след в истории народа // Шәкәрім. -2013. -№4. -С.40-43
7. Айбын. Энциклопедия. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.
8. Alexei Kojevnikov. The Phenomenon of Soviet Science. -W.: OSIRIS 23, 2008. -368 p.
9. Steven Sabol. Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness // Palgrave Macmillan, 2003. -P.143-144